ЖК «СҰЛТАН»

ЖК «СҰЛТАН»

ИП «СҰЛТАН»

Қазақстан Республикасы, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы
120400, Әйтеке би кенті, С.Сейфуллин көшесі, № 81
тел: 8-(72438) 2-10-41 e-mail: aika-jan4ik@mail.ru

Республика Казакстан, Кызылординская область, Казалинской район,
120400, п.Айтеке би, ул. С.Сейфуллина, № 81
тел: 8-(72438) 2-10-41 e-mail: aika-jan4ik@mail.ru

Қазақстан Республикасы Қаржы министірлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің Қызылорда облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті" мемлекеттік мекемесінің басшысы Ғ.Қалиевке

Қазақстан Республикасы мемлекеттік сатып алу веб-порталында " Сырдария аудандық мемлекеттік сатып алу бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ұйымдастыруымен өткізілген №3330774-1 ашық конкурсы тәсілі бойынша жарияланған атауы **«Сырдария аудандық білім бөліміне қарасты мектептерге компьютер жиынтығын (жүйелік блок, монитор, пернетақта, тінтіуір) сатып алу»** *(әрі қарай - Конкурс)* конкурсына өз өтінімін ұсынған болатын. Конкурс құжаттамасының 2-қосымшасына сәйкес техникалық ерекшеліктердің барлық талаптарды сақтап, өз өтінімде барлық ақпараттар ұсынылған.

Аталған лот бойынша 11 жеке кәсіпкер өз өтінімдерін ұсынған.

2019 жылдың 24 маусымы күні сағат 11:57 жарияланған №3330774-ОК1 Қорытындылар туралы хаттамасында, **ЖСН: 820105300834, ИП»ЕРМЕК»** жеңімпаз болып танылған.

Алайда жеңімпаз **ЖСН: 820105300834, ИП»ЕРМЕК»** конкурсқа заңсыз жіберілген, Себебі конкурстық құжаттаманың ажырамас бөлігі болып табылатын техникалық ерекшелігі, тапсырыс берушінің техникалық ерекшелігімен сәйкес емес:

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 **«Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы»** бұйрығының **11 - Параграф. Конкурсқа қатысуға өтінімдерді қарау**, 150 тармағының, 2 – тармақшасындағы әлеуетті өнім берушінің конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келмейтін техникалық ерекшелікті ұсынуы; **ЖСН: 820105300834, ИП»ЕРМЕК»**-тің Тауардың атауы (маркасын, моделін, үлгісін және/немесе тауар белгісін не қызмет көрсету белгісін және т.б. көрсете отырып) деген жерге берген сілтемесіндегі жүйелік блоктың (http://bs-computers.kz/?product=bs-kaba03) техникалық ерекшелігінде **(Мощность блока питания) Қуат көзінің қуаттылығы 350 Вт** деп көрсетілген *(скриншот фотолары қосымша тіркелді)*. Ал, тапсырыс беруші **БСН:171240026234** "Сырдария аудандық

мемлекеттік сатып алу бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің техникалық ерекшелігінде көрсетілген қажеттік жүйелік блоктің **(Мощность блока питания) Электр қуатының қуаты кемінде 450 Вт деп** жазылған.

2. 3. Әлеуетті өнім берушілердің конкурсқа қатысуға өтінімді ресімдеуіне және оны ұсынуына қойылатын талаптарының 16 - тармақ, 2) тармақшасында сатып алынатын тауарларға, жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге ұлттық стандарттарды, ал олар болмаған жағдайда мемлекетаралық стандарттарды көрсете отырып техникалық ерекшелікті қамтиды. Бұл ретте ұлттық және мемлекетаралық стандарттар болмаған кезде, сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің талап етілетін функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамалары, оның ішінде тауарлық белгілерін, қызмет көрсету белгілерін, фирмалық атауларын, патенттерін, пайдалы моделдерін, өндірістік үлгілерін, тауардың шығу жері мен өндірушінің атауын, және басқа да сипаттамаларын көрсете отырып, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер үшін осы КҚ-ға 2-қосымшаға, тауарлар үшін осы КҚ-ға 3-қосымшаға сәйкес үлгі бойынша көрсетіледі. Қажет болған жағдайда техникалық ерекшелікте нормативтік-техникалық құжаттама көрсетіледі **деп атап айтқан.** Дегенмен, тапсырыс беруші **БСН: 171240026234 "Сырдария аудандық мемлекеттік сатып алу бөлімі"** коммуналдық мемлекеттік мекемесінің техникалық ерекшелігінде көрсетілген USB қосқышы бар компьютерлік гарнитураның **(Наушник) маркасін және моделін** әлеуметтік өнім беруші **ЖСН: 820105300834, ИП»ЕРМЕК»** өзінің ұсынған техникалық ерекшелігінде көрсетпеген.

3. Әлеуметтік өнім беруші **ЖСН: 820105300834, ИП»ЕРМЕК»,** тапсырыс беруші **БСН: 171240026234** "Сырдария аудандық мемлекеттік сатып алу бөлімі" КММ-нің техникалық ерекшелігін, өзі ұсынуға тиісті техникалық ерекшелікке көшіріп жазған. Яғни, тауардың техникалық сипаттамасын нақты көрсетпеген. Себебі, Жедел жадының жиілігін 2400 MHz кем емес және жедел жадының түрін DDR4 кем емес деп көрсеткен. *(Объём оперативной памяти 4096 Mb, частота не менее 2400MHz, тип не менее DDR4,)*

Жоғарыдағы мәліметтерді қортындылай келе мемлекеттік сатып алу порталындағы **БСН: 171240026234** "Сырдария аудандық мемлекеттік сатып алу бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің №3330774-1 ашық конкурсы тәсілі бойынша жарияланған атауы **«Сырдария аудандық білім бөліміне қарасты мектептерге компьютер жиынтығын (жүйелік блок, монитор, пернетақта, тінтіуір) сатып алу»** конкурсының көрытынды хаттамасын ҚР «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының және «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №648 бұйрығының талаптарына сәйкес күшін жойып, **ЖСН: 820105300834, ИП»ЕРМЕК»-** тің ұсынған техникалық ерекшеліктерін заңнамаға сәйкес қайта қарап заңды шешім қабылдауларыңызды сұраймын.

Жеке кәсіпкер «СҰЛТАН» **А.Т.САДУАХАСОВА**

Tel:8701 048 9090
e-mail: saka-jan4ik@mail.ru